

6. Краткий обзор эпизоотической ситуации в мире по особо опасным болезням животных -2007. /Информационно-аналитический обзор./ Дудникова Н.С., Петрова О.Н., Дудников С.А., Гуленкин В.М., Коренной Ф.И., Караулов А.К., // Владимир, - 2008. – С. 30-32.
7. Грипп и другие респираторные вирусные инфекции: эпидемиология, профилактика, диагностика и терапия/ Киселева О.И., Маринича И.Г., Сомининой А.А. // Санкт-Петербург, - 2003. – С. 62-64.
8. Highly pathogenic avian influenza // O.I.E. Manual of Standards for Diagnostic Tests and Vaccines, adopted 2005.
9. Этиология и специфическая профилактика гриппа/ Труды института имени Пастера// Том 52 Ленинград, -1979. –С. 24-29.

* * *

Қазақстан Республикасы аумағынан бөлініп алынған құс тұмауы вирусының 5 изоляттарының интравеналық зардаптылық көрсеткіші деңгейін зерттеу нәтижелері көрсетілген.

The results of determination of intravenous pathogenicity index of 5 AI strains isolated in Kazakhstan presented in the article.

УДК 636.03.082

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАБЫ ТИПТІ ЖЫЛҚЫСЫНЫҢ ӨРТҮРЛІ АТАЛЫҚ ІЗДЕРІНІҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

Әкімбеков А.Р.

*ЖНС «Мал шаруашылығы және жеміс-өнімдерін өндірісі»
ғылыми-зерттеу институты*

Қазақстанда жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының ішіндегі дәстүрлі және көп сырлы салалардың бірі. Жылқының ет өнімділігін жақсарту үшін алдымен жайылымда, тебінде жайылуға бейімделген қазақы жабы типті жылқысының өнімдік қасиеттерін жетілдіру қажет. Ол үшін үйірге түсетін айғырлар өнімділігіне жете көңіл бөліп, тұқымдық класы жоғары белгілі аталық ізге жататын сапалы айғырлар ғана таңдалуы керек.

Жылқы еттілігін көтерудің арзан жолы – жайып семірту болып табылады. Оны көктемде немесе күзде суы мол, шөбі шалғын өрісте 1,5-2 ай жайып, қондылығын көтеріп, 70-90 кг салмақ қостыру арқылы сойыс шығымын молайтады.

Жылқының етінен жасалатын тағамдар халқымызға ежелгі замандардан бері мәлім. Сапалы және сапасыз белоктардың ара салмағы жөнінен жылқы еті сиыр етінен бірде бір кем емес. Оның құрамында іздесе таптырмайтын амин қышқылдарының бәрі бар. Жылқының майында склерозға қарсы көрсететін химиялық заттар өте көп. Ет талшықтарының құрылымы нәзік. Басқа еттерге қарағанда құрамында холестерині аз болғандықтан белокты өте көп қажет ететін адамдар жылқы етін диета тағамы ретінде пайдаланады. Жылқының сойыс шығымы 52-60%, ал ұшадағы еттің мөлшері 80%. Етінің тағамдық қасиеті өте жоғары, оның себебі ауыстырылмайтын аминқышқылының толықтығы және өзара тиімді бағалы биологиялық майының болуы. Жылқы еті диеталық тағам болып саналады. Павлодар облысы, Ертіс ауданының «Алтай Қарпық Сайдалы Сарытоқа» асыл тұқымды жылқы фермасымен қатар, көп салалы мал шаруашылығының дамуына тиімді жағдайлар бар. Біріншіден, табиғи жайылымдардағы азық қорларының жеткіліктігі, жыл бойы жылқыларды тебінде ұстауға болатындығы, суаттармен толық қамтамасыз етілуімен байланысты өнімді жылқы шаруашылығының дамуына және арзан өнім алуына мүмкіндік туғызады.

Жылқының ет өнімінің қасиетін тірідей салмағының, өлшемдерінің көрсеткіштері және дене бітім индекстері арқылы анықталады. Бірақта жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер толық ет өнімінің сипаттамасын бермейді. Сондықтан, әділі мал өніміне баға беру үшін сойыс шығымын және салмағын анықтаған жөн.

2007, 2008 және 2009 жылдары қараша айларында «Алтай Қарпық Сайдалы Сарытоқа» асыл тұқымды фермасының сойыс орнында күзгі жайып семіртуден шыққан өртүрлі аталық із

жылқысының ет өнімділігін анықтау үшін 2,5 жастағы құнаншығарлар сойылған. Сынамалы сою үшін, әр аталық іздің тірілей салмақ көрсеткіштері жақын малдар тандалды. Құнаншығарлардың сынама сою көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

1-кесте. Құнаншығарлардың сынама сойыс көрсеткіштері

Аталық із	n	Сойыс алдындағы тірілей салмақ, кг	Ұша салмағы, кг	Сойыс шығымы, %
Браслет 13-74	10	384,5±2,8	217,6±2,1	56,6±0,2
Задорный 51-76	12	395,2±2,2	226,8±1,8	57,4±0,3
Памир 127-78	10	365,0±2,3	198,1±1,8	54,2±0,1
Аталық ізге жатпайтындар	15	356,3±2,4	187,8±1,9	52,7±0,1
Орта есеппен	47	374,2±2,5	206,3±1,9	55,0±0,2

Бірінші кесте бойынша, аталық іздерге жатпайтын құнаншығарлардың ұша салмағы Браслет аталық ізінен (29,8 кг, 15,9%), Задорный аталық ізінен (39,0 кг, 20,8%) және Памир аталық ізінен (10,3 кг, 5,5%) кем. Браслет (56,6%), Задорный (57,4%), Памир (54,2%) аталық іздерінің сойыс шығымы аталық іздерге жатпайтын құнаншығарлардан (52,7%) жоғары болды.

Жылқы етімен азықтанған халықтың талай жылғы тәжірибесі түрлі тағам әзірлеудің өнеркәсіптік технологиясын жасап, оны өндіріске енгізуге мүмкіндік береді. Дәмділігі де, қоректілігі де аса жоғары қазы-қартасы, жал-жаясы, шұжығы халықтың сүйікті тағамы.

Жылқы ұшасының семіздігін қазының қалыңдығына қарай байқайды, бірақ онда тұқымдық ерекшеліктер болатынын ескереді. Қазақстан Республикасының еті сатып алу бағасы оның қондылық категориясына байланысты ынталандырады. Бірінші категорияға жататын жылқы еті 29,2% екінші категориядан және 2,3 есе үшінші категория етінен жоғары бағаланады. Жылқы ұшасы бірінші категорияға жату үшін, оның қазы майы барлық етегіне жайылып, қалыңдығы 15 мм болуы қажет.

Ұшаның сапасын бағалау үшін май қалыңдығын өлшедік. Жалдағы «май» қалыңдығы аталық іздерге жатпайтын құнаншығарларда 90 мм, Браслет аталық ізінде – 120 мм, Задорный аталық ізінде – 130 мм және Памир аталық ізінде – 103 мм; «қазы» бүйірінде аталық іздерге жатпайтындарда – 22 мм, Браслет аталық ізінде – 35 мм, Задорный аталық ізінде – 48 мм және Памир аталық ізінде – 25 мм; аталық іздерге жатпайтын малдың «жая» мойынның қалыңдығы – 16,0 мм, Браслет аталық ізінде – 9,18 мм жоғары.

Жалпы ұша морфологиялық құрамын зерттегенде ет пен сүйек ара қатынасы анықталды. Зерттеудің нәтижесі 2-кестеде берілген.

2-кесте. Өртүрлі аталық ізге жататын жылқы ұшасының морфологиялық құрамы

Аталық із	n	Ұшаның орташа салмағы, кг	Ұша құрамы			
			жұмсақ еті		сүйегі	
			кг	%	кг	%
Браслет 13-74	3	216,3	176,8	81,7	39,5	18,3
Задорный 51-76	3	227,1	187,3	82,5	39,8	17,5
Памир 127-78	3	197,6	159,9	80,9	37,7	19,1
Аталық іздерге жатпайтын	3	188,2	149,8	79,6	38,4	20,4

Жылқы ұшасындағы жұмсақ ет шығымы Задорный 37,5 кг (25,0%), Браслет 27,0 кг (18,0%) және Памир аталық іздерінде 10,1 кг (6,7%) аталық іздерге жатпайтын жылқылардан жоғары. 1 кг сүйекке жұмсақ ет мөлшері Браслет аталық ізінде – 4,5 кг, Задорный аталық ізінде – 4,7 кг, Памир аталық ізінде – 4,2 кг және аталық ізге жатпайтын жылқыларда – 3,9 кг.

Аталық ізге жатпайтын құнаншығарлардың етіндегі су мөлшері жоғары және май мен белок көрсеткіштері аталық іздерге жататын жылқыларға қарағанда төмен. Барлық жылқы тобында май мөлшері қазы мен жалда көп – 51,6-дан 54,1% дейін. Еттегі майдың мөлшері Браслет 13-74 аталық ізінде – 2,4%, Задорный 51-76 аталық ізінде – 3,6% және Памир 127-78 аталық ізінде 0,9% аталық ізге жатпайтын жылқылардан жоғары.

1 кг еттің энергетикалық сапасы Задорный аталық ізінде – 12938 кДж және Браслет аталық ізінде – 12453 кДж.

Сонымен аталық ізге жатпайтын жылқылардан еті майлы және сапасы жоғары тағам алынады.

- 1.Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә.Б. Мал өсіру және селекция. Алматы, «Бастау», 2006
- 2.Борменко Е.Я. Разведение сельскохозяйственных животных. М., Изд.«Колос», 1967
- 3.Витт В.О. Из истории русского коннозаводства. М., 1952

* * *

В статье приведены материалы мясной продуктивности казахских лошадей типа жабе различных линий. Установлено, что линейные животные, как Браслет 13-74, Задорный 51-76 и Памир 127-78 по массе туши, убойному выходу и составу туши превосходят не линейных жеребчиков.

The article includes materials on meat productivity of different lines of Jabe type Kazakh horses. It is determined that line horses such as Braslet 13-74, Zadornyi 51-76 and Pamir 127-78 overpass the non-line horse foals by the body weight, slaughter weight and content of the body.

ӘОК 502.175

АНТРОПОГЕНДІК ӘСЕРДІ ЦИТОГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ САРАЛАУ

Асубаев К.О., Кенжебеков А.К.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Адам баласының шаруашылық іс-әрекеті табиғи ортаға кері әсерін тигізуде. Өндіріс орындары қоршаған табиғи ортаға (ауаға,суға,топыраққа) үлкен зардабын тигізіп, биосферадағы тепе – теңдікті бұзуда. Қазіргі кезде экологиялық зардаптардың әсерінен жер бетіндегі адамдардың үшінші, төртінші буын ұрпақтары биологиялық тұрғыдан әлсіз болып келеді.

Өзектілігі: Қазіргі кезде биосфераның құрамдас бөліктерінде ауыр металдардың концентрациясының артуы олардың тірі ағзаларға тигізетін әсерін, соның салдарынан туындайтын өзгерістерді тышқан тәрізділерге тәжірибе жасау арқылы анықтауға болады. Хромосомалық абerrациясы бар жасушалардың жалпы жиілігі ортаның жалпы мутагендігін көрсетеді. Ал, зақымданған спектрлердің типтері мен үлгілері бойынша хромосоманың зақымдалуын тудыратын факторлардың табиғаты жөнінде белгілі пікір айтуға болады. Қоршаған ортаның кәсіби зиянды факторларын анықтауға арналған цитогенетикалық зерттеулер екі нұсқа арқылы жүзеге асырылады: бірінші нұсқада мутагенді әсерге ұшыраған топты немесе популяцияны толығымен зерттеу арқылы олардағы экологиялық факторларға байланысты болған цитогенетикалық құбылыстар жиілігін бақылау топтарындағы жиіліктерімен салыстыру – негізгі әдістеме болып табылады. Екінші нұсқа ағзалар жасушасында пайда болған цитогенетикалық өзгерістерді микроядролық, сіңілілі хроматидтік алмасулар және хромосомалық абerrациялар әдістемесі арқылы бағалау. Бұл әдістеме салыстырмалы түрде көп шығынсыз орындалады. Жұмыстың мақсаты: Қалада тіршілік ететін тышқан тәрізді кеміргіштерде байқалатын цитогенетикалық аномалияларды анықтау арқылы қоршаған орта факторларының мутагендік немесе экогенетикалық қауіптілігін анықтау.

Негізгі міндеттер: Зерттеуге алынған тышқан тәрізді кеміргіштерде байқалатын цитогенетикалық аномалияларды анықтау.

Зерттеу нысандары мен әдістемелері: Зерттеу нысаны ретінде Талдықорған қаласының белсенді ластанушы аудандарында ұсталынған үй тышқаны (MUS DOMESTICUS RUTTY) алынды. Тышқан тәжірибе жасауда кеңінен қолданылатын негізгі нысандардың бірі. Цитогенетикалық зерттелуі бойынша ол адамнан кейінгі екінші орында тұр. Тышқандар хромосомаларын зерттеуге арналған жұмыстар жетерлік. Себебі, олар цитогенетикалық өзгерістерді бақылауға ыңғайлы модель болып табылады. Жұмыста барлығы 40 жануар зерттелді.